



БҰЙРЫҚ

21.08.2019 ж. № 905

ПРИКАЗ

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Проблемалық кредиттер қоры»
акционерлік қоғамының 2018 жылғы
жылдық қаржылық есептілігін бекіту
туралы және дивидендтерді төлемеу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 9) тармақшаларына, «Проблемалық кредиттер қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Қоғам) Жарғысының 44-тармағының 10) және 17-1) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған 2018 жылға Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін (Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 160 үй, БСН:120140005984, ЖСК: KZ74125KZT1001306658, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, БСК: NBRKKZKX).

2. 2018 жылғы 31 желтоқсанға қалыптасқан қоғамның меншікті капиталының теріс мөлшеріне байланысты 2018 жылға Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төленбесін.

3. Қоғамның Басқарма төрағасы Е. И. Елшібаев:

жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін;

жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында қоғамның 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілігі жарияласын.

4. Есепті 2018 жыл ішінде Жалғыз акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініштердің болмауы назарға алынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бірінші вице-министр



Б. Шолпанқұлов



БҰЙРЫҚ

21.08.2019, № 905

ПРИКАЗ

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Об утверждении годовой финансовой
Отчетности акционерного общества
«Фонд проблемных кредитов»
за 2018 год и о невыплате дивидендов**

В соответствии с подпунктами 7) и 9) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», подпунктами 10) и 17-1) пункта 44 Устава акционерного общества «Фонд проблемных кредитов» (далее Общества), **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемую годовую финансовую отчетность Общества за 2018 год (город Алматы, Медеуский район, проспект Достык, дом 160, БИН:120140005984, ИИК: KZ74125KZT1001306658, Национальный Банк Республики Казахстан, БИК: NBRKKZKX).

2. Не выплачивать дивиденды по простым и привилегированным акциям Общества за 2018 год, в связи с отрицательным размером собственного капитала Общества, сложившимся на 31.12.2018 года.

3. Председателю Правления Общества Елшібаеву Е.И.:

в течение десяти календарных дней со дня утверждения годовой финансовой отчетности обеспечить направление электронного отчета в организацию по ведению депозитария финансовой отчетности;

не позднее десяти календарных дней со дня утверждения годовой финансовой отчетности опубликовать в средствах массовой информации годовую финансовую отчетность Общества за 2018 год.

4. Принять к сведению отсутствие в течение отчетного 2018 года обращений Единственного акционера на действия Общества и его должностных лиц.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

6. Настоящий приказ является решением Единственного акционера Общества и вступает в силу со дня подписания.

Первый вице-министр



Б. Шолпанкулов